

# AQTOĞAI AJARY

Aqtoğai aýdandyq qoғamdyq-sarasi basylym

№33 (7922)

Жұма

11 тамыз

2023 жыл

Gazet 1938 jylgy 15 tamyzdan shygady

@ aktogai\_red@mail.ru

f www.facebook.com/a.ajary.kz



Президент реформасы – өміршең өзгерістер

## Ізгілік адалдықтан бастау алады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде жас ұрпақты адал азамат етіп тәрбиелеу керек екенін баса айтты.

«Шын мәнінде, біз айтып жүрген Әділетті Қазақстанды адал азаматтар құрады. Бұл – бір-бірімен өте тығыз байланысты ұғымдар. Отанға, отбасына адалдық – парасаттылық пен адамгершіліктің белгісі. Адал еңбек етіп, адал табыс тапқан адам жетістікке жетеді, құрметке ие болады. Ұлы Абай «Адал еңбекпен мал іздемек – арлы адамның ісі» деген.

Ал, арлы адам әділетсіздік жасамайды. Өр салада адалдық басты орында тұрса, әділ қоғам орнайды. Жемқорлыққа жол берілмейді, ел мүддесіне сай шешім қабылданады. Бір сөзбен айтсақ, қоғамдағы ізгіліктің бәрі адалдықтан бастау алады», – деді Президент.

Оның айтуынша, Әділетті Қазақстан және адал азамат ұғымдары ел тірегі болатын егіз құндылық ретінде әрдайым қатар тұруға тиіс.

Әділетті Қазақстанды құру үшін әрбір отандасымыз адал азамат болуға ұмтылуы қажет. Сонымен бірге, жас ұрпақты адал азамат етіп тәрбиелеуіміз керек. Ұлттық құрылтайда бала тәрбиесінен бастап, ұлттық келбетімізді қалай қалыптастыратынымызға дейін айтылды. Ал енді Президентіміздің бастамаларын одан әрі жүзеге асыру – сіз бен біздің міндетіміз.

А.Ақпанова,  
Сарышаған кентінің  
жастар ісі жөніндегі маманы.

Қуан, ағайын!

## Газет құрдасына құрмет көрсетілді

Биыл аудан өмірінің тынысы, жақсылықтың жаршысы – аудандық «Ақтоғай ажары» газеті 85 жасқа толып отыр. Өткен ғасырдан күні бүгінге дейінгі Ақтоғай тарихының шежіресіне айналған ұнпарақтың мерейтойы. Бүгінгі редакцияның ат төбеліндегі ұжымының ұлық мейрамына баланған осынау даталы күннің қарсаңында газетте талай жыл табанды түрде еңбек еткен қарымды қаламгер, ардагер журналист Рымбек Мәмбетов қасиетті қарашаңыраққа қонақ боп келді.

Бүгінде өзі де сексеннің бесеуіне шыққан абыз ақсақал алыстан ат арытып келді дегенді естігеннен кейін ілкіде үзенгі қағыстырып қатар жүрген, әзіл-қалжыңы жарасқан әріптестері де редакцияға бас сұқты. Кемі ширек ғасыр бірін-бірі көрмеген аға буын ардагерлер бір ортада бас қосып, қуанысып қалды. Газеттің балаң шағынан бергі тұтас тарихын өзінің өмірдерегіндей білетін кеудесі көмбе қария кешегі күнге көз жүгіртіп, келместің кемесіне мінген өткен сәттерден жарқын естеліктер айтып берді. Редакцияның қазанында қатар қайнаған бір кездегі ұжым емен-жарқын шүйіркелесіп, арқажарқа болды. Бірер сәтте аудан әкімінің әлеуметтік сала бойынша орынбасары А.Аманжолов саналы ғұмырын аудан айнасына арнаған Р.Рақымжанұлына «Қазақстанның Құрметті журналисі» төсбелгісін тағып, газет ардагерлері қаламгердің иығына шапан жапты. Сонымен қатар, «Ақтоғай ажары» газетінің редакторы Г.Елжүсізова құттықтау хат табыстады. Осылайша мейманға мезірет көрсетілгеннен кейін жиналған жұртшылық тысқа шығып, естелік суретке түсті.

Е.АЙТЖАН.



Президент реформасы – өміршең өзгерістер

## Әділетті Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму

Көпұлтты мемлекет әрқашан достық пен татулықтың үлгісіне айналуы қажет. Қазақстан халқы Ассамблеясының «Әділетті Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму» атты XXXII сессиясында сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы Тәуелсіздік жылдары елімізде жаңа жалпыұлттық бірегейлік қалыптасқанын айтты. Президенттің пікірінше, біздің көк паспортымыз бен көк байрағымыз – тарихымызбен астасқан және миллиондаған адамның жүрегінен орын алған бірегейлігіміздің нағыз символы.

– Қазақстан паспорты біздің бірлігіміз бен татулығымызға негіз болған прогрессивті құндылықтарды бейнелейді. Өз кезегінде көк байрағымыз – қасиетті тәуелсіздігіміз бен көпғасырлық мемлекеттілігіміздің жарқын белгісі. Туымыз ірі халықаралық спорттық жарыстарда және басқа да сондай шараларда жоғары көтерілген сайын, біздің бойымызды елімізге деген мақтанш сезімі кернейді. Даңқты отандастарымызды – спортшыларымызды, мәдениет қайраткерлерімізді,

ғалымдарымыз бен студенттерімізді, кәсіпкерлерімізді шыққан тегіне қарамастан, шетелде үнемі қазақтар деп атайды. Бұл – табиғи құбылыс. Солай болуға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент біздің қоғамды ортақ идеалдар мен құндылықтар біріктірген еркін әрі жауапкершілігі мол азаматтардың одағы деп санайды. Бұл – жалпыұлттық бірегейлігіміздің тағы бір жарқын көрінісі.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды рөліне тоқталып, осыған орай этносаясат мәселесіне байыппен қарау керек екенін атап өтті.

– Татулық пен бірлік – табысты мемлекет болудың басты кепілі. Этносаралық қатынас мәселесін заман талабына сай реттеу керек. Бұл жұмыс ауқымды реформалармен үндес болуға тиіс. Бұған немқұрайлы қарауға болмайды, этносаралық саясат айрықша назар аударып, ұдайы жетілдіріп отыруды қажет етеді. Азаматтардың бірлігін, жалпыұлттық

бірегейлікті және еліміздің этноәлеуметтік тұтастығын нығайту жөніндегі іргелі, тіпті қасиетті деп айтуға болатын міндеттерді жүзеге асырмайынша, мемлекеттің бірде-бір стратегиялық міндетінің орындалуы мүмкін емес екенін естен шығармаған жөн, – деді Мемлекет басшысы.

Президент бірлігіміз бен татулығымызға сына қаққысы келетін кез келген арандатушылық әрекетке батыл түрде тосқауыл қою, этноәлеуметтік шиеленістің шығу себептерін жою үшін нақты шаралар қабылдау қажет екеніне тоқталды. Сонымен қатар, көпмәдениетті органы дамытып, барлық азаматтың мемлекеттік тілді меңгеруі үшін жүйелі қадамдар жасау керектігін жеткізді. Мұның барлығы Жаңа Қазақстанның жарқын болашағы үшін қолға алынуы тиіс маңызды міндеттер. Сол жолда жұмыла білу маңызды болмақ.

Н.Тілеуесов,  
Ортадересін ауылдық округі әкімі  
аппаратының бас маманы.

**Аудан әкімі Р.Кенжебековтің 2023 жылдың III тоқсанындағы тұрғындармен кездесулер өткізу кестесіне енгізілген өзгерістер**

№	Кент, ауыл, ауылдық округ атауы	Кездесу өтетін елді мекеннің атауы	Өтетін уақыты мен орны (III тоқсан)		Ескерту
1	Ортадересін ауылдық округі	Ақжайдақ станциясы	16.08.2023 ж.	Вокзал залы 11.00	
2	Шашубай кенті	Шашубай кенті	16.08.2023 ж.	Клуб үйі 16.00	
3	Сарышаған кенті	Сарышаған кенті	17.08.2023 ж.	Клуб үйі 11.00	
4	Тасарал ауылдық округі	Тасарал елді мекені	17.08.2023 ж.	Клуб үйі 16.00	
5	Айыртас ауылдық округі	Айыртас елді мекені	18.08.2023 ж.	Клуб үйі 10.00	
6	Қусак ауылдық округі	Қошқар елді мекені	18.08.2023 ж.	Клуб үйі 14.00	
7	Абай ауылдық округі	Абай елді мекені	18.08.2023 ж.	Клуб үйі 16.00	
8	Қарабұлақ ауылдық округі	Дуанши елді мекені	18.08.2023 ж.	Клуб үйі 18.00	
9	Нүркен ауылдық округі	Аксенгір елді мекені	22.08.2023 ж.	Елді мекен 10.00	
10	Нүркен ауылдық округі	Жидебай елді мекені	22.08.2023 ж.	Елді мекен 14.00	
11	Сарытерек ауылдық округі	Ақтұмсық елді мекені	22.08.2023 ж.	Елді мекен 17.00	
12	Кежек ауылдық округі	Ақши елді мекені	23.08.2023 ж.	Елді мекен 11.00	
13	Жидебай ауылдық округі	Қарақой елді мекені	23.08.2023 ж.	Клуб үйі 15.00	
14	Қараменде би ауылдық округі	Ақтас елді мекені	24.08.2023 ж.	Елді мекен 11.00	
15	Ақтоғай ауылы	Ақтоғай ауылы	24.08.2023 ж.	Мәдениет үйі 15.00	
16	Шабанбай би ауылдық округі	Сона елді мекені	25.08.2023 ж.	Клуб үйі 10.00	
17	Қызыларай ауылдық округі	Қызыларай елді мекені	25.08.2023 ж.	Клуб үйі 15.00	

**Аудандық мәслихатта**

**Тұрақты комиссияның біріккен мәжілісінің отырысы өтті**

Тамыз айының 8-інші жұлдызында аудандық мәслихаттың экономика, бюджет, экология, агроөнеркәсіп салалары мен кәсіпкерлікті дамыту және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мәселелері мен әлеуметтік саланы дамыту, жастар саясаты, заңдылық және құқық қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның біріккен мәжілісінің отырысы өтті.

Zoom қосымшасы арқылы өткен тұрақты комиссиялардың біріккен мәжілісіне аудан әкімінің орынбасары С.Амралин, аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Н.Жаңабегенов пен аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Н.Сеитов және аудандық мәслихат депутаттары қатысты.

Тұрақты комиссияның аудандық мәслихат депутаты Т.Таукеев ашып, жүргізді. Шара барысында бірінші кезекте «Аудан көлемінде алдағы қысқы маусымға жемшөп дайындау науқанының барысы туралы» ақпараттың қорытындысы туралы баяндаманы аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Н.Жаңабегенов жасады. Ақпаратқа қанық болған депутаттар

баяндамашыға бірнеше сауал жолдады. Қазіргі қысқы мал азығының бағасының шамадан тыс қымбат екені айтылып, бірлесе отырып бұл мәселенің түйінін шешу керек деген байламға тоқталды. Бұдан кейін күн тәртібіндегі келесі мәселе «Аудан көлемінде жерді қорғау мен мақсатсыз және пайдаланылмай жатқан жерлерді мемлекетке қайтару бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы» аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Н.Сеитовке сөз кезегі берілді. Н.Сәулебайұлы аталған сала бойынша жыл басынан бері жүзеге асып келе жатқан жұмыстар жөнінде сандық көрсеткіштермен ақпарат беріп, алда тұрған жоспарларымен бөлісті. Бүгінгі таңда ауданымыз бойынша өткір тұрған жер мәселесінің төңірегінде қойылған сауалдар көп. Сөз соңында мәжіліс отырысына қатысып отырған тұлғалар алдағы уақытта шабындық жерді қоршау, мал кезегін ұйымдастыру мәселелерін қарау керек деген шешімге келді.

Е.Темірхан.

**Халық үніне құлақ асатын мемлекет**

**Әкім бол, халқыңа жақын бол**

Ел президенті Қ.Тоқаев былтыр жыл басында бұқара мен билік арасындағы алшақтықты қысқартып, тұрғындардың талап-тілегінің орындалысын ширату үшін әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы Жарлыққа қол қойған болатын. Аталмыш Жарлықта: «Барлық деңгейдегі әкімдер жыл бойы халықпен кездесулер өткізсін, олардың барысында халықты толғандыратын әлеуметтік мәселелерге баса назар аудара отырып, Қазақстанды жаңғыртудың жаңа бағдарының негізгі бағыттары туралы хабардар етсін және проблемалық мәселелерді шешудің жолдары мен мерзімдерін түсіндірсін» – деп, әкімдер қауымына нақты міндет жүктелді.

Міне, сол президент пәрменінен кейін әр тоқсан сайын атқарушы билік өкілдері халық алдында дағдылы түрде есеп беріп келе жатыр. Тамыз айының 10-ы күні Ақтоғай ауылының әкімі Қ.Болғанбаев аудандық мәдени-бос уақыт өткізу орталығында ақтоғайлықтарға 2023 жылдың 7 айында ауылдық округ бойынша жүзеге асқан жұмыстар мен қабылдаған кешенді жоспарлар туралы баяндама жасады. Ауылдағы ағайын төрт түлікке иек артып отырғандықтан,

сөз басы ауыл шаруашылығы мен бүгінгі таңда өткір тұрған шабындық жерлер туралы мәселелерден басталды. «Ауылда жылқы малы мен ірі қара өсіру жақсы дамып келеді. Ал ұсақ малдың саны жыл сайын азаюда. Былтыр ауылымызда ұсақ мал отарлары бес кезекпен бағылса, биыл үш отар ғана қой қалды. Тұрғындарға төрт түлік жануарларын орталық көшелерге айдап әкелмей-ақ, ауылдан тысқары жерде қамап ұстап алулары үшін ауыл әкімдігінің ұйымдастыруымен ауылдың сыртындағы 2 жер учаскесіне төрт түлікке диагностикалық іс-шаралар жасау мақсатында қоршаулар орнатылды.

Мал жайылымына келер болсақ, Ақтоғай ауылының тұрғындарының қолдағы малдарын жазғы жайылыммен, қысқы жемшөппен қамтамасыз етуге норма бойынша 146 112 га жер телімі қажет болса, елді мекен жерінде бүгінгі күнде ауылшаруашылық мақсатында 63 935 га жер бар. Аталған жер ауыл тұрғындарына биылғы санақ бойынша қолда бар малдарына қысқы азық дайындауға және де жаз айларында малдарын жайылыммен қамтамасыз етуге жетпейтіні анық. Қосымша нормаға сәйкес, 82 177 га жер телімі қажет. Бұл ауылымызда

мал басының қарқынды өсіп келе жатқанын көрсетеді. Былтыр Шабанбай би ауылдық округіне қарасты босалқы жерден 10 000 га жер телімі берілді», – деп баяндамасын бастаған ауыл әкімі, – биыл жыл басынан бері ұзын саны 596 дана светодиодты жарық шамдарына қосымша К.Байсейітова көшесінде орналасқан үйлердің маңайын жарықтандыру мақсатында 5 дана жарық шамы орнатылды. Осы жарық шамдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын мемлекеттік сатып алудың веб-порталы арқылы жеңімпаз болып танылған «АксВар» ЖШС атқаруда. Ауыл бойынша көше жарық шамдарының қауіпсіз өрі үздіксіз жұмыс істеуі үшін керекті жәшік, шамдар және автомат сынды жабдықтар жоғарыда аталған мердігерден алынып, жұмыс жасауға келіскен электрші монтер Е.Төребеков арқылы уақытылы жөнделіп, қалпына келтірілуде – деп коммуналдық сала бойынша атқарылып жатқан жұмыстар легін ақпаратқа мәйек қылды.

Ауыл әкімі бұған дейінгі халықпен кездесу жиындарында көтерілген мәселелер мен қойылған сұрақтар назардан тыс қалмай, рет-ретімен шешіліп жатқанын мәлімдеді.

Өз тілшімізден.

Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты.

**Халық табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы**

**Өндіріс өрісі кеңеймек...**

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев халыққа арнаған Жолдауының бірінде «Шағын және орта бизнестің ішкі жалпы өнімдегі үлесі 2025 жылға қарай 35 пайызға дейін, ал жұмыспен қамтылғандардың саны 4 миллион адамға дейін көбеюі керек», деген болатын. Президент сол жолғы Үкіметтің кеңейтілген отырысында «Шағын және орта бизнес халықтың үштен біріне жұмыс тауып беріп отыр. Бір сөзбен айтқанда, оның ахуалы қандай болса, халықтың жағдайы да сондай», – деп, еліміздегі кәсіпкерліктің бағасын берді.

Президент пәрменіне сәйкес, бүгінгі таңда ел экономикасының қозғаушы күші – өнеркәсіп және кәсіпкерлік саласына үлкен көңіл бөлініп отыр. Қазір бизнес жобасы мығым, алдағы он жылдағы кәсібінің аяқ алысын екшеп, пысықтап, бел буып, білек сыбана кірісемін деген азаматтарға ешқандай шектеу жоқ. Тек, өндіріс орнының қоршаған ортаға, адам денсаулығына кері әсері, зияны болмаса болғаны.

Жуырда аудан әкімінің орынбасары С.Амралин, кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы С.Әубәкіров, жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Н.Сеитов іссапарлап, ауданымыздың оңтүстік өңіріне арнайы барып қайтты. Сапар барысында атқамінер қауым осыдан 5 жыл ілгеріде бой көтерген «Balqash Resources» ЖШС «Қаратас 2» кен орнына барып қайтты. Аталмыш кен орнында темір және түсті металл өңдеу өндірістік кен байыту комплексін тұрғызу жоспарланып, құрылыс жұмыстары басталып кетті.

«Balqash Resources» ЖШС «Қаратас 2» кен орнында жалпы құны 4 млрд. 300 млн. теңгенің темір және түсті металл өңдеу өндірістік кен байыту комплексін іске қосып, 303 жаңа жұмыс орнын ашуды жоспарлап отырмыз», – деді кәсіпорын директоры Д.Өмірәлиев.

Е.АЙТЖАН.

Қазақстан-2050: агроөнеркәсіп кешені

Апаттың айтып келмейтіні секілді табиғаттың да төтеннен киіп кететін тосын мінезін алдын ала болжау қиын-ақ. Бұрынғы заманда қазекем жан-жануар мен жәндіктің, қоршаған ортаның құбылуын қадағалап, алдағы күннің ауа райын жорамалдап отырған. Ал, қазір табиғаттың тілін қас-қабағынан ұғатын сол сәуегейлердің сарқыншағы да қалмады. Бүгінде кит етсе қалтафонға үңілеміз.

Әңгімені әріден тарқатып, алыстан орағытып айтпағымыз – шаруа атаулының «екі аяғын бір етікке» тығып тұрған қуаңшылық хақында болмақ. «Көктемнің әр күні – жылға азық» екенін тұрмысы төскейдегі төрт түлікке тәуелді шаруа мен ырзық несібесін қара жерден теріп жүрген диқандар жақсы біледі. Алайда, биыл үшінші жыл қатарынан жарықтық жаңбыр мезгілінде жаумай қалың бұқараны

тапсырмалар беріліп отыр.

2023-2024 жылғы мал қыстату науқанына қажетті барлығы 311,4 мың тонна ірі мал азығын дайындау жоспары бекітілді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда (17,4 мың тонна) 6 пайызға жоғары. Барлық кент, ауыл, ауылдық округтерге мал азығын дайындау туралы тапсырманы толығымен орындау жоспары берілді. Бүгінгі күнге 180,0 мың тонна мал азығы дайындалды. Орындалысы – 57%. Тасылғаны – 95,0 тонна. Яғни 52,7%.

Аудан бойынша барлығы 7 ауыл шаруашылығы бағытында жұмыс жүргізуші 7 заңды тұлғаға – 9785 тонна, 612 шаруа қожалығына – 222 085 тонна және 1629 жеке аулаға – 79 530 тонна, барлығы 311 400 тонна мал азығы қажет. Бүгінгі күні ауыл тұрғындарын қажетті мал азығымен қамтамасыз ету үшін әр ауылдық округ бойынша

Бүгінгі күні жанар-жағармаймен жабдықтаушылар анықталуда. Жеңілдетілген жанармай бөлінген жағдайда шаруашылықтар бойынша нақтылау жұмысы жүргізіледі. Ақтоғай ауылы жеке кәсіпкер «Лаура» жанармай құю бекетінен босату жұмыстары қарастырылады.

Ауыл шаруашылығы техникаларына қажетті бөлшек саймандар сатумен тұрақты түрде «Ернұр» жеке меншік дүкені жұмыс жасайды.

«Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Ақтоғай шаруашылығы» КММ иелігінде барлығы 8 791,7 гектар орман алқабы бар. Мұның ішінде аудан өңіріне қарасты шабындық жер 208,4 (568,9 га Шетпен қосқанда) гектар бұл жеке қосалқы шаруашылық жүргізуші 16 адам мал азығын дайындауға берілді. Сонымен қатар, 8 222,8 гектардан аудан өңіріне қарасты

ұйымдастыруымен жекелеген шаруа қожалықтары аз қамтамасыз етілген отбасыларына көмек ретінде қажетті мал азығын (жемшөптерді) арзан бағамен және тегін беру жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда:

1. Кежек ауылдық округі бойынша жаңадан көшіп келген отбасына «Бірлік» шаруа қожалығы жетекшісі М.Ыбышев, «Сәтмағанбет әулеті» С.Нығметов, «Ынтымақ» шаруа қожалығы Г.Омашева 6 тонна шөпті тегін түсіріп берді.

2. Қарамеңде би ауылдық округі бойынша Ақтоғай ауылына жалпы 300 тонна шөп тасымалданып сатылды. Оның ішінде «Айдарлы» шаруа қожалығы 100 рулон шөпті 10 000 теңгеден сатып, 20 рулонды тегін берсе, «Нұршат» шаруа қожалығы 50 рулон шөпті жеңілдікпен, 10 рулонды тегін берді.

# «Қыстың қамын жаз ойлап...»

әбігерге салып тұр. «Жазған құлда шаршау жоқ» дегендей, өңір-өңірде ауыл азаматтары ұйымдасып, тасаттық беріп, Құдайға жалбарынып, мәселенің алдын алып бақты.

«Жұт жеті ағайынды». Қас қылғандай былтырғы қыс та қос бүйірден қысып, қырын мінез танытты. Қуаңшылық салдарынан қорасына мал азығы аз түскен ауданымыздың бірқатар ауылындағы ағайын қыстан қысылып шықты. Оған қоса табалдырығымыздан аттай салысымен «көкқоян» әлекті салып, жаздай жете алмаған жаңбыр сіркіреп жауып, ақша қар, көк айнаға айналды. Салдарынан даладағы қамбар ата төлі талғажау етуге талшық таппай, көктемге берікжүрек болып ілікті.

Айналып келгенде, мұның барлығы ауласындағы азын-аулақ малына сүйеніп отырған ауылдағы ағайынның арқасына батады. Биылғы қыс маусымы да оңай соқпайтын сыңай танытып тұр. Үлкендер жағы да қоян жылы ауыр жыл десіп жүр. Соны ойлаған қараша халық күні бұрын қамданып, шөп-жемін ыңғайлап әлек. Бірақ, биыл шөп бағасы шарықтап, жалына қол тигізбей тұр. Алдындағы үш-төрт қарасы мен шайлығынан аспайтын айлығына қарап отырған жұрт қай қырдың басына шығарын білмей безек қағып жүр.

Осы тектес мәселелерді алға тартып, аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Н.Жанабергеновпен тілдесіп, аудан көлемінде алдағы қысқы мал азығын дайындау науқанының барысы жөнінде біліп қайттық.

**Н.Жанабергенов:** – Аудан бойынша қуаңшылыққа байланысты аудан әкімінің 2023 ж. 1 тамыздағы №420 Әкімімен Ақтоғай ауданы бойынша жемшөп дайындауда туындаған мәселелерді жедел шешу штабы құрылды. Жұмыс жоспары бекітілді. Ағымдағы жылдың әр аптаның бейсенбі күні тұрақты түрде селекторлық жағдайда «Аудан бойынша 2023-2024 жылғы мал қыстату науқанына қажетті мал азығын дайындау барысы және ағымдағы жылы құрғақ ауа райының байқалуына байланысты жемшөп дайындауда туындаған мәселелерді шешу туралы» штаб отырысы өткізіліп, әкімдер мен бөлімдерге тиісті



ірі мал азығын дайындаушы 42 ірі шаруашылықпен меморандум жасалды. Осы шаруашылықтар анықталып отырған 498 ауланы жеңілдетілген бағадағы мал азығымен қамтиды.

Шөп шабу науқанына барлығы 423 доңғалақты трактор, 349 шөп шабатын шалғы, 348 тырма, 150 шөп тиегіш, 33 шөп сығымдауыш, 335 трактор тіркемесі, 38 жүк көлігі және т.б. ауыл шаруашылығы техникалары жұмылдырылады. Техникалар дайындығы – 100 пайыз.

Аудан бойынша жанар-жағармаймен қамтамасыз етуде қызмет көрсетумен «ҚазМұнайГаз» жанармай құю бекеті, «Лаура» жеке меншік жанармай құю бекеті жұмыс жасайды. Қазіргі кезде қолдарында 25 тонна АИ – 92 бензині, 1 л – 205 теңге, 25 тонна дизельдік жанармай 1 л – 295 теңге және дизельдік көк май 3,0 тонна 1 л – 650-800 теңге қорлары бар.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2023 жылғы 13 сәуірдегі №137 бұйрығымен «Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстары кезінде ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін мұнай өнімдерінің көлемін қалыптастыру және бөлу қағидалары» бекітілген. Осыған орай, мал азығын дайындауға бүгінгі күнге аудан бойынша 39 шаруашылық 1170,0 тоннаға «brm.gosagro.kz» сайты арқылы өтінім берді. Шаруа қожалықтары бойынша тізімі жасалып, бекітіліп, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына берілді.

жайылымдық жер мал жаю үшін талонмен босатылып отыр

Аудан бойынша жыл сайын ауыл шаруашылығы техникалық паркі жоспарға сай жаңартылып келеді. 2020 жылы – 50, 2021 жылы – 67, 2022 жылы 84 жаңа техника алынды. Жалпы жаңарған техника үлесі 47 пайызды құрайды.

2023 жылы облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бекітілген жоспары бойынша 96 дана ауыл шаруашылығы техникасын алу жоспарланған. Бүгінгі күнге 61 дана ауыл шаруашылығы техникасы алынды, яғни жылдық жоспардың – 62,5%-ы.

Республика бойынша жыл сайынғы құрғақшылыққа сәйкес, төтенше жағдайға тап болған шаруашылықтар, сонымен қатар, дала өртіне ұшыраған және ауыл тұрғындарын шөппен қамтамасыз еткен шаруашылықтардың шығынын субсидиялау бойынша мәселелер қарастырылып жатқаны шаруашылықтарға жеткізіліп отыр. Биылғы жылға мал азығының құнын арзандатуға 51 шаруашылыққа 54,2 мың теңге субсидия төленді. Өтінімдер қабылданды.

Осыған орай, біздің алдымызда әр ауылдық округтегі шаруашылық жағдайын, жеке мал өсірушінің мал азығын дайындау жоспарын анықтап, дер уақытында шешім қабылдап, тиісті жұмыстарды ұйымдастыру міндеті тұр.

2022 жылы мал азығын дайындау барысында ауылдық округ әкімдерінің

3. Айыртас ауылдық округіндегі құрылған қоғамдық қордың есебінен 2 отбасына 2 көлік шөп тегін, «Мұқарам» шаруа қожалығынан 1 отбасына 1 көлік шөп тегін берілді.

4. Жидебай ауылдық округі «Тәуекел» шаруа қожалығы С.Сатыбалдин 3 отбасына жеңілдікпен шөп берді.

5. Шабанбай би ауылдық округінде «Сүйіндік» шаруа қожалығы Иманбаева Мырзақүлге 15 көлік шөпті, яғни 30 тонна, «Біржан» шаруа қожалығы ауыл тұрғыны Әшірбек Аманайға 1 көлік шөпті, Тілеутай Саламатқа 1 көлік шөпті жеңіл бағамен және Шаймұхаметов Яхияға 1 көлік шөпті тегін таратты.

6. Абай ауылдық округіндегі «Нұр», «Ахметбек», «Айнабұлақ», «Жасқайрат», «Акерке» шаруа қожалықтары 7 зейнеткерлер отбасына 25 тонна шөпті тегін түсіріп берді.

Бұл жұмыс биылғы жылы да өз жалғасын табады. Осыған орай, мал азығын дайындау бойынша жауапты тұлғалар бекітіліп, күнделікті мәлімет алынып отыр.

Облыстық басқармадан келіп түскен тапсырмаларға сәйкес, мал азығын дайындау жоспарына қосымша 2000 гектар егіс алқабынан 2000 тонна сабан дайындау жоспары бекітіліп, ауылдық округтерге жұмыс үшін жолданды.

Ауа райының уақытында жаңбырлы болуы мал азығын дайындау жұмыстарына кедергі келтіріп отыр. Жаңбыр мөлшері жерге сіңуі ортадан төмен, орта есеппен – 10-15 мм.

Ауданның жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөліміне қуаңшылыққа сәйкес, шөп шықпай қалған шаруашылықтар және шөп шауып алуға ниетті жеке тұлғалар жер сұраған жағдайда өтінішін тез арада шешу қарастырылған. Сонымен қатар, аудан өңіріндегі зиянды арам шөп – жатаған қызғылт у кекіре бар ауылдық округтерге (Қарабұлақ, Жидебай, Сарытерек) және АШТӨ-ге сыртқа шөп өткізуді тоқтату туралы ескертулер беру жөнінде ҚР АШМ АӨК МИК «Ақтоғай аудандық инспекциясы» ММ-нен ескертілді. Қазіргі кезде де ешқандай проблемалық мәселелер жоқ.

Е.ТЕМІРХАНҰЛЫ.

**Қадірлі «Ақтоғай ажары»  
газетінің ұжымы!  
Қымбатты оқырман!**

Сіздерді мерейлі мерекелеріңіз – басылымның жарыққа шыққан 85 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын.

Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның «Газет – халыққа білім таратушы» деген қанатты сөзі бар. Осынау аса маңызды әрі жауапты істі жүзеге асырушы «Ақтоғай ажары» газеті – терең тарихы бар, бағыт-бағдары айқындалған, қалың оқырманы қалыптасқан беделді басылымдардың бірі.

Газет мұрағатында қаламы жүйрік аға буынның өшпес ізі қалды. Басылымның қазіргідей ақпараттық технологиялар қарқынды дамыған қоғамнан қалыспай, уақытпен үндестік тапқанына да қуанамыз. Бұл – редакцияның бүгінгі ұжымының еселі еңбегінің нәтижесі.

Оқырманның олжасы, билік пен бұқараның арасындағы алтын көпір саналған газеттің мерейлі белесі құтты болсын!

Редакция ұжымына табыс тілейміз.

**Құрметпен,  
Қуаныш Аманкүлов,  
«Балқаш өңірі» газетінің Бас  
редакторы,  
Балқаш қаласы.**

# Міндетті мінсіз орындау – мемлекеттік қызметтегі дұрыс таңдау

Еліміздің әр азаматы өзінің атқаратын ісіне үлкен жауапкершілікпен қарап, ісін барынша жақсы деңгейде адал орындауға ниет танытса, мемлекеттің мықтылығы осы тұста айқындалар еді.

Мемлекеттік қызметке келіп ант берген қызметші өзіне тиісті шектеулерді қабылдап, атқаратын міндеттерін мінсіз орындауға барын салуы тиіс. Мемлекеттік қызметшілердің негізгі міндеттері «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңында айқын әрі нақты көрсетілген.

Әр қызметші ең алдымен Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңнамасын сақтауға міндетті. Одан кейінгі ең маңызды міндет – ол азаматтар мен заңды тұлғалар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету әрі олардың өтініштерін заңнамада белгіленген тәртіп пен мерзімдерде қарау және олар бойынша қажетті шараларды қабылдау болып табылады.

Әдептілік еш уақытта өзектілігін жоғалтпайтын қасиет екенін ескерсек, осы әдептілік жайлы мемлекеттік қызмет туралы заңнамадағы міндеттер қатарында белгіленген екен. Бұл дегеніміз қызметкер қай кезде болмасын тек қызметтік тәртіпті, қызметтік әдепті сақтауға ғана емес, сонымен қоса қызметтен тыс жерде де әдеп нормаларын сақтауға міндетті екендігіне мензейді.

Тағы бір атап өтетін жайт, ол мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз етуі және өзіне сеніп тапсырылған мемлекеттік меншікті тек қызметтік мақсаттарда ғана пайдалануы тиіс. Осы тұста жиі

кездесетін бұзушылықтар қатарынан табылатын мемлекеттік органның көлігін жеке мақсатта қолдану – аталған міндеттің орындалмауын көрсетеді, яғни бұзушылықтың туындауына әкеп соқтыратын іс-әрекет ретінде мысал бола алады.

Сонымен қоса, мемлекеттік қызметшілер өздеріне мәлім болған, дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы жоғары тұрған басшының және өздері жұмыс істейтін мемлекеттік орган басшылығының, сонымен қатар уәкілетті мемлекеттік органдардың назарына дереу жеткізіп қана қоймай, бағынысты мемлекеттік қызметшілер тарапынан сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтардың алдын алуға да міндеттелетінін атап өткен жөн.

Өзгерістер мен жанаңшылыққа толы заманда әр тұлға өзінің білімін арттыруға көңілді көптеп бөлсе, бұл да бір білімді, зиялы қоғам құрудың бірден-бірі жолы болса керек. Сондықтан да болар, өзінің лауазымдық міндеттерін тиімді атқару үшін мемлекеттік қызметші кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыруға міндетті. Бұдан өзге міндеттер Қазақстан Республикасының заңдарында және Президенттің актілерінде белгіленуі мүмкін.

Қорытындылай келе, мемлекеттік қызметшілердің жоғарыдағы міндеттерді сақтай білуі мемлекеттік қызметтің адал атқарылуына өз әсерін тигізіп қана қоймай, сонымен қатар мемлекеттік аппаратқа деген халықтың сенімін қалыптастырады деп санауға әбден болады. Мақаланың эпиграфы ретінде

алынған қанатты сөздің иесі – қазақтың біртуар тарихи тұлғасы Әлихан Бөкейханның өмірлік ұстанымы мен көзқарасы, оның ішінде мемлекеттік қызметке деген көзқарасы қазіргі таңда да өзінің өзектілігін жоғалтқан емес.

Ұлт мүддесі үшін басын бөйгеге тіккен нағыз патриот тәуелсіздік, теңдік, жер, тіл, білім, дәстүр, мәдениет, саясат, тіпті экономикалық мәселелерді көтерген. Оның қай еңбегін, қай қанатты сөзін алып қарасаңыз да, бүгінгі күні қолданысы табылар нағыз ақылдың қайнар көзі, қазынасы. «Біздің жұрт бостандық, теңдік, құрдастық, саясат ісін ұғынбаса, тарих жолында тезек теріп қалады», «Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын», «Бостандыққа апаратын жалғыз жол – ұлттық ынтымақ қана», «Би ғаділ болмай, жұрт ісі ілгері баспайды»: міне, осы сөздердің өзін-өзі тағылым алып, Әлихан Бөкейханша айтқанда, ұлттың жоғын ұйықтап жүріп емес, ояу жүріп іздеуіміз керек.

Сондықтан, елі үшін өмірін сарп еткен асыл атамыздың «Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деген сөзінен мемлекеттік қызметшінің міндетін мінсіз орындауы да мінезден деген түйін туындайды, әлбетте, міндетті мінсіз әрі адал орындау – мемлекеттік қызметтегі дұрыс таңдау болатыны сөзсіз.

**Д.Абдрахманов,  
ҚР Мемлекеттік қызмет істері  
Агенттігінің Қарағанды облысы  
бойынша департаменті Мемлекеттік  
қызмет саласындағы бақылау  
басқармасының бас маманы.**

## Еркін елдің ертеңі

# Мамандық таңдау – болашақты таңдау

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі кеңесте «Халықты, жастарды жұмыспен қамту – Үкімет үшін маңызды міндет» деп жастарға ерекше назар аударды. Жастарға сапалы білім берумен қатар еңбек нарығында да үлесін арттырудың маңызына тоқталды.

«Қазір еңбек нарығында жастардың үлесі артып келеді. Үкіметке және әкімдерге 2030 жылға қарай 3 миллион 300 мың адамды жұмысқа тұрғызу туралы тапсырма берілді. Оның 2,2 миллионы жастар болуы тиіс. Жаңа жұмыс орындары уақытша емес, тұрақты болғаны жөн. Аймақтарды жұмыспен қамту карталары бекітілген. Соған сәйкес жыл сайын шамамен 950 мың адамға жұмыс тауып беру көзделген. Оның бәрі – жастар және әлеуметтік тұрғыдан осал санаттағы азаматтарға арналған» – деді Мемлекет басшысы.

Жастар – кез келген қоғамның болашағы мен қозғаушы күші. Мемлекеттің тұрақты дамуының негізі – бәсекеге қабілетті жастар буыны, ал бұл тікелей жас қазақстандықтардың білім мен білік сапасына, олардың ұмтылысы мен ынтасына байланысты. Сондықтан да, мемлекеттік саясаттың негізгі бағытының бірі – жастар секторы. Жастар секторына елімізде айрықша назар аударылып келеді.

Мәселен, осыдан 4 жыл ілгеріде тұтас бір жылды жастардың еншісіне беріп, «Жастар жылы» деп атады. Сол жылы аталмыш бастаманың шеңберінде бірталай ілкімді істер легі жүзеге асты. Сол секілді күні бүгінге дейін үкімет жас кәсіпкерлер мен жас мамандардың қолтығынан демей білдіріп келеді. Себебі, алдыңғы буынның қолдауы мен ақылы жас буынға әрқазірет қажет.



Тамыз айының 8-і күні аудан орталығындағы Жастар ресурстық орталығында Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын-журналист М.Әлімжанов Ақтоғай ауылының жастарымен кездесті. Жиынды аудандық ішкі саясат бөлімінің бас маманы Ә.Әбіл тізгіндеп, шара-

ның шымылдығын түрді. Жастар қауымының басын қосқан бұл кездесудің негізгі мақсаты – мектеп қабырғасын енді ғана тәмамдап, үлкен өмірдің жолайырығында тұрған жас өскіннің дұрыс бағыт таңдауына атсалысу болып табылады.

– Мамандық таңдау деген өзін айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзін араласқың келетін ортаны да

нызға сол саланың дипломын не сертификаттың алуыңыз керек болса, екіншісі – еңбегіңізге ақының төлену қажеттілігі. Өз ісінің нағыз маманы атану екінің бірінің еншісіне бұйырмаған. Ол үшін ең алдымен мамандығына деген махаббат керек. Махаббатпен істелген жұмыс қана нәтиже бермек. Екінші сөзбен айтқанда, мамандығыңыз сіздің сүйікті ісіңізге айналуы қажет. Бұл жағдайда адам өз жұмысынан ләззат алып, қуаныш табады, – деп әңгімесін өріден бастаған М.Сейдахмет келесі кезекте өзінің шығармашылық жолға қалай келгені жайында жеткіншектерге айтып берді.

Емәң-жарқын еркін форматта өткен жиын барысында Ә.Жасқайратұлы да Мүсіркеп ағамыздың сөзін қуаттап, мамандық таңдау барысында албырттыққа салынбай, суық ақыл, сергек санамен ойланып барып шешім қабылдаған абзал екенін айтты. Кездесу спикері М.Әлімжанов сөз соңында: «Әлемде өзі қаламайтын мамандық иесі болып жүрген қаншама адам бар, өз жұмысын жанымен сүйіп істейтін адамдардың да саны аз емес. Мамандық таңдаудан жаңылмай, өз өмірінің бір кірпішін дұрыс қалауларына тілектеспін», – деп өз лебізін білдірді.

**Е.МҮСТАФИН.**

Рухани жаңғыру

# Көкше теңіз жағасындағы ел тойы

Тоғыз жолдың торабында орналасқан Сарышағанкентінің құрылғанына биыл жетпіс жыл толып отыр. Ынтымағы ыдырамаған, ырыс-берекесі тасыған сарышағандықтар тамыз айының 5-6-шы жұлдызында мерейлі күнді ерекше сән-салтанатымен атап өтті. Дүбірлі той аясында елге шарапаты тиетін ізгі шаралар ұйымдастырылды. Ауылда сәні келіскен саябақ ашылса, жастарға арналған волейбол мен баскетбол алаңы бой көтерді. Теміржол вокзалындағы жаңадан ашылған мұражайда жолаушылар түрлі жәдігерлермен танысатын болады. Ауылға жанашыр азаматтардың атсалысуымен мешіт жанындағы діни сауат ашу орталығы мен асхана пайдалануға берілді. Міне, осы секілді соны бастамалар іргелі кенттің мерейтойы қарсаңында ел игілігіне тапсырылды.

Сарышағанды ел тұрғындары станция ретінде жақсы таниды. Олай дейтініміз, кент үстінен 16 бағыт бойынша 46 пойыз және Алматы-Екатеринбург тас жолы өтеді. Яғни, маңызды көлік торабы. Күніне

бүркіт пен самұрық құстың да тас мүсіні осында, саябақтың көркін ашып тұр. Саябаққа шамамен 30 млн. теңгеге жуық қаражат жұмсалыпты. Сәні келіскен саябақтың лентасы қиылған



қасында жүрген Оралбай Мақановқа да елдің ықыласы ерекше. Ал, 1991 жылғы жігіттер ғимараттың терезелерін мойнына алған. Шамамен 2 млн. теңгеге жуық қаражат жұмсалыпты. Ауыл азаматы Жасұлан Кенжеқараев барлық терезені тегін салып берген. 1996 жылғы жігіттер де сауапан күр қалмалық деп, төбені қаптап беріпті. Бөлме есіктерін 1997 жылғылар алып, оны Жарбол мен Атабек есімді жігіттер тегін орнатқан. Сыртқы есікті 1999 жылғылар салса, кіреберістегі есікке 2000 жылғы азаматтар демешілік жасаған. Ал, ауылдағы ақжарлықты аналар жиналып, мешіт асханасының ыдыс-аяғын, керек-жабдығын алып беріпті. Енді, кент халқы Құран оқытып, осы жерде ас береді.

Қазақстан мұсылмандары

Серікбаеваның жеке концертті той ажарын аша түсті.

Жас балуандардың белдесуі де тартысты өтті. Әр өңірден келген жас жеткіншектердің жеңіске деген құлшынысына көпшілік сүйсінді. Сонымен, боз кілем бәсекесінде 50 келі салмақ дәрежесінде топ жарған Уәлихан Ахмедиев (Сарышаған) 100 000 теңгеге ие болды. Сондай-ақ, 70 келі салмақ дәрежесінде жеңіске жеткен Темірлан Мәуленкүл (Сарышаған) тай мінді. Ал, 90 келі салмақта бағы жанған ақадырлық балуан Марлен Жанғабил кіші қажылыққа жолдама алды. Тойдың түйе балуаны атанған шымкенттік Ерсұлтан Мұзапаров 250 000 теңгені өншіледі. Қол күрестен білекті жігіттер қол қарымын байқасқан. Білек пен жүректің, ақыл мен айла, күш-жігер сыналған сәтте мықтының мықтысы, күштінің күштісі ғана жеңіске жетеді. Бұл ұлттық ойын түрінен Арыстан келген Олжабек Арсеннің бағы жанды (100 000 теңге). Ал, кір тасын көтеруден елордалық Назим Ахмедиевтен ешкім



мыңдаған жолаушы мен жүздеген техника ат шалдырады. Сондай-ақ, Балқаш, Приозерск қаласының тұрғындары осындағы вокзал арқылы пойызға отырады.

5 тамыз күні тойға жиналған жұртшылық алдымен вокзалдың екінші қабатындағы мұражайдың ашылу салтанатына куә болды. Мұражайдағы экспонаттардың көбі – теміржол саласына маңдай тері сіңген ардагерлердің ертеде қолданған құрал-жабдықтары. Онымен қоса, станция тарихынан сыр шертетін мұрағат құжаттары да – осында. Үздік теміржолшылардың алған марапат қағаздары, төсбелгілері де енді музей төрінде. Мұражайды ашуға себепкер болғандардың бірі – Әбдірахман Оспанов. Оның айтуынша, әлі де музей қоры түрлі экспонаттарға толтырылмақ.

Мұражайдың ашылу салтанатынан соң меймандар «Шыңға өрлеу саябағына» қарай бет алды. Ауылдың көл жағына қарай, дөңнің үстіне салынған саябақ кент ажарын ашып тұр. Саябақты мектеп бітіргендеріне 40 жыл толған түлектер, яғни 1965 жылы туған сарышағандық азаматтар тарту етіп отыр. Саябақтың ішіне көшет, гүл отырғызып, жайқалтып қойыпты. Балқаш жолбарысының, киіктің,

соң, кент жұртшылығы көтеріңкі көңіл-күймен әрі қарай баскетбол мен волейбол алаңына қарай жол тартты.

Енді, ауыл жастары су жаңа алаңда бойларын жазып, бір мезгіл доп ойнап, жаттығады. Заманауи алаңның құрылысына бюджеттен 14 млн. 240 мың теңге бөлінген. Алаң Теміржол көшесінен салынған. Кент әкімі Әнуар Тойымбеков жастардың спортқа деген қызығушылығы зор екенін айтты: «Ауыл жастары баскетбол мен волейболға ерекше қызығады. Жарыстарға да қатысып, жүлделі болып жүр. Сол себепті, жастармен де кеңесе келе, осындай алаң салайық деп шештік», – дейді әкім.

Түс ауа тойға жиылған жұртшылық мешітке қарай қадам басты. Жұмадағы оқылған дұғаға қол жайып, мешіт жанынан ашылған жаңа асхананың төріне жайғасты. Меймандарға арнайы дәм берілді. Мұнымен қоса, жаңа ғимараттың екінші қабатында діни сауат ашу орталығы жұмыс істейтін болады. Көптің көмегімен бой көтерген бұл орталықтан енді үлкен де, кіші де ислам ілімінің білім ала алады. Жаңа ғимараттың құрылысына ауылдың әр өкілі атсалысыпты. Құрылыстың негізгі бөлігін, қабырғасын ауылдың азаматы, кәсіпкер Аят Нұрсейітов көтеріп берген. Құрылыстың басы-



діни басқармасының Қарағанды облысы бойынша өкіл имамы Естай Әбдіғали жаңа ашылған діни орталыққа Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының наиб мүфтиі, белгілі исламтанушы Ершат Оңғаровтың «Қасиетті Құран: мағынасы мен түсініктемелері» атты 10 кітабын, басқа да мүфтияттың келісімімен жарық көрген түрлі 50 діни кітапты табыс етті. Сонымен қатар, өз атынан жаңа орталықтың бой көтеруіне атсалысқан азаматтарға алғысын білдірді.

Келесі күні ауыл халқы той алаңын бетке алды. Көкше көлдің жағасында ақшанқан ақ боз үйлер тізбектей тігілген той алаңында меймандарға арнайы дәм берілді. Қонақтар концерттік бірлестік дайындаған мерекелік шараны тамашалады. Шырайлы шараны Ақтоғай ауданының әкімі Руслан Кенжебеков құттықтау сөзімен ашып, сарышағандықтарды мерейлі мерекелерімен құттықтады. Одан соң ардагер теміржолшыларға Алғыс хат табыстады. Тойға арнайы шақырылған құрметті қонақтар да жылы лебіздерін білдірді. Есімі елге танымал айтыскер ақындар Мақсат Аханов пен Дидар Қамиев жырдан шашу шашты. Қос ақын Сарышағанның мерейлі жылын, тарихын жырларына арқау етті. Түс ауа белгілі дүлдүл әнші Наркенже

асып түсе алмады. Бұл әлді жігітке де 100 000 теңге бұйырды.

Кешкілік тойға жиналған қауым атшабар аумағында сәйгүліктер сыйысын тамашалады. Тұяғымен жер тарпып, даланы дүбірге бөлеген тұлпарлар айналаны шаңға бөктірді. Сарышағандық атбегі Бекболат Шалғынбаевтың «Ханторы» сәйгүлігі 31 шақырымдық аламанда алдына кара салмады. Бабы келіскен, бағы жанған тұлпар иесі судай жаңа «Лада-Гранта» көлігінің кілтін ие болды. Жан-жақтан келген тайлар 5 шақырымға шапты. Мұндағы бәйгеден Ұзынағаштан келген атбегі Ғалымжан Ондасынұлының «Қарлығаш» тайы топ жарып келді. Астындағы атының бабын тауып, желдей жүйткіп шауып келген шабандоз жаңа мотоциклге тақым артты.

Осылайша, облыс орталығынан шалғай жатқан Арқаның алтын қақпасы саналған Сарышаған кентінің жетпіс жылдық тойы көкше көл жағасын думанға бөледі. Сөйтіп, Ауыл күнінде сарышағандық ағайын астаратқ дастарханы, игі іс-амалдарын танытып, ынтымағы мен береке-бірлігін көрсетті. Пейілі даладай дархан, акеділ ағайынның барында кенттің келешегі кемел екені күмәнсіз.

Думан ҚАБЫЛ.



## 10-ТАМЫЗ АБАЙ КҮНІ

### «Абайды білмек парыз ойлы жасқа...»

...Абай он жасқа келгенде әкесі Семей қаласына әкеліп оқуға берген. Бұдан бұрын қырда да Абай біраз оқыған болады. Семейдегі алғашқы берген молдасы – Ғабдұлжаппар деген татар. Артынан бұдан шығарып, Ахмет Риза деген молдаға тапсырған. Абай Ахмет Ризада үш жыл оқиды. Өзі тұстас үлкен-кіші балалардың барлығынан анағұрлым зейінді, ұғымтал және ерекше ықыласты болған...

Абай оқуға кіргеннен соң тез есейіп, ілім қуған кісінің қалпына оңай түсіп кеткен. Өзінің әбден сүйіп, таңдап оқыған ірі ақындарының талай ғазелдерін ұзыннан-ұзаққа жаттап жүрген. Бала күнінде жаттаған кей өлеңдері ұлғайып, кәрілікке жеткен уақытына шейін есінен шықпаған. Медреседе үшінші жыл оқып жүрген уақытында Абай жалғыз мұсылманша оқумен тоқтамай, Семей қаласындағы «Приходская школаға» түсіп, орысша да оқи бастаған. Бірақ бас-аяғы үш аймен орысша оқуы мен мұсылманша оқуы да доғарылады. Әкесі оны ел билеу ісіне баули бастайды. Барлық балаларына қатал болған Құнанбай Абайдың өзгелерден артық екенін ертеден сезген. 13 жасында Абай әкесі берген бағытпен ел сөзіне кіріседі. Ең алғашқы жылдарында

әкесінің «барып-келінде» жүреді. Кейде қасына кісі қосып беріп, кейде жалғыз өзіне сөз тапсырып, ұсақ істер туралы келісім жасауға да ерік береді.

...Бір күні ел ортасының үлкен жиынында Құнанбай көп ортасында сөйлеп отырған уақытта Абай әлденеше оқталып, бір нәрсе айтқысы келіп, киліге беріпті. Сонда Құнанбай «тек отыр!» деп тоқтатып тастайды. Жиыннан қайтып келе жатқанда, әкесі Абайды шақырып алып, көп алдында көлденеңдегені үшін наразылық айтады. Таласқан кінәсін Абай мойнына алады. Содан кейін Құнанбай: «Кезі келген жерде айтпақ болып жүрген сөзім бар еді, соны айтайын: ең әуелі – жұрттың бәріне күліп сөйлейсің, жайдақ су сияқтысың. Жайдақ суды ит те, құс та жалайды, кісіге қадірің болмайды. Екінші – көрінгенмен жақын боласың, кісі талғамайтын желбегей жүрген кісінің басына ел үйірлмейді. Ел алатын қылық ол емес.

Үшінші мінің – орысшылсың», – депті. Осыған Абай: «Қолында құралы бар бірен-саранға ғана тиетін шыңыраудағы судан да қойшы-қолаңшы, жалшы-жақыбайдың бәріне бірдей пайдасы тиетін жайдақ су артық деп білемін. Екінші сөзге

– қазақ ескі бір заманда қой сияқты болған, бір қора қойды жалғыз қойшы «айт!» десе өргізіп, «шайт!» десе жусататын заман еді. Одан бері келе ел түйе сияқты болды. Бір шетіне тас тастап «шөк!» деп дыбыстаған уақытыңда аңырып тұрып барып, бетін бұратын болды. Енді біздің заманымызда ел жылқы тәрізді болды. Мұны ақ қар, көк мұзда қар төсеніп, мұз жастанып, етегін төсек, жеңін жастық қылуға шыдаған жылқышы ғана баға алады. Еңбек сіңірген адам ғана ие боп, басшы бола алады. Орысшылсың дегенге – оның қолында зор қуат, өнер, білім бар. Егер сол өнер-білімді үйренуден қашсақ, ол – надандық болар, жақсылық болмас.

Мен өнер-білімі үшін орыс-

тапқан.

Ақын енді жылдан жыл өткен сайын өмірден қажып, шөге береді. Осы жылдарда өлімді де ойлай бастайды. Өзі кешірген ерекше дертті, өмірдің барлық қайғысын, өкінішін еске ала отырып, қазақ әдебиетінде мәңгілік ұмытылмайтын «Өлсем орным қара жерді» жазады.

Ақын өмірінің соңғы жылдарында көп өлең жазбай кетеді. 1903 жылдан бастап, біржолата өлең жазылмай қалады. 1903 жыл мен 1904 жылдың қысында Абайдың тірі қалған балаларының ішіндегі ең жақсы көретіні – Мағауия көптен әлсіретіп жүрген құрт аурудан төсек тартып, жатып қалады. Мағауия әке ұғымынша да және өз ортасының бағалауынша да, Абайдың барлық баласының ең жақсысы, ең ірісі деп саналған. Бұл ақындығының үстіне ерекше мінезді кісі болған. Жасынан денсаулығы нашар болғандықтан, қаладан толық тәрбие ала алмаса да, әкесінің үнемі өз қасында ұстап, шын жақсылап тәрбиелеп шығардым деген баласы осы болатын. Елде отырып еуропа тәрбиесін алған адам дардай ақыл, мінез адамшылығы түгелімен мәдениетті кісінің халінде болған. Бұл да әкесі сияқтанып, қырда отырып, көп оқып, өзінен-өзі қарастырумен көп білім алған адам еді. Ол жұмсақ мінезді болып, ел көпшілігіне аса сүйікті болған. Ол 1904 жылы жазғытұрым қайтыс болады. Абайдың өзі өмірден қажып, талып, ендігі тіршілігін артық нәрседей санай бастаған еді. Өз сынынша, ажарсыз, мағынасыз өткен дәурені жалғыздық дертімен құлазытып, жүдетіп, тоздыруға айналған. Соның барлығының үстіне Мағауия өлген соң, Абай бір алуан ауруға айналады. Төсек тартып жатпаса да, отырып ауырады. Ешкіммен сөйлеспейді де, еш нәрсемен өзін жұбатпайды. Ауруын ешкімге көрсетпейді. Сонымен, Мағауияның өлімінен кейін қырық күн отырып, 1904 жылы 23 маусымда алпыс жасында дүниеден озған. Оның сүйегі Жидебайдағы өз қыстауының жанына қойылады.

Мұхтар Әуезов.  
(Ықшамдалып алынды).

### Адалзатқа ортақ тұлға

Ілімін әлем ғалымдары мойындаған Абай шығармасының көп бөлігі түрлі тілдерге аударылып, әдеби негізде кеңінен таралған. Тіпті, дамыған біршама елдерде тұлғаның ескерткіші орнатылған.

Көршілес Өзбекстанның Ташкент қаласындағы Қазақстан Республикасының елшілігі алдында тұрған тұлға ескерткішін айтсақ та, бір кітапқа жыр болардай. Аталмыш ескерткіштің авторлары – белгілі қазақ мүсіншісі Нұрлан Далбай және сәулетші Расул Сатыбалдиев. Авторлар ақын бейнесі арқылы бүкіл қазақ халқының дархан көңілі мен ұлы ойшылдың дана тұлғасын сомдаған. Ескерткіштің биіктігі – 9,2 метр.

Ал, мәдениеті мен әдебиеті әлдеқашан дамыған Францияның Ренн қаласындағы Абай бюстінің білетіндер бар ма? Ол 2016 жылы орнатылған екен.

Сондай-ақ, 2006 жылы Ресей астанасы Мәскеудің «Чистые пруды» бульварында да Абай ескерткіші ашылды. Бұл ескерткіш те Қазақстан Елшілігі маңайына қойылған. Авторлары – мүсінші Марат Айнеков, дизайнер Тимур Сулейменов, суретші Эдуард Дробицкий, сәулетші Вячеслав Романенко.

Одан бір жылдан соң, яғни, 2007 жылы қазан айында Иран Республикасы Тегеран қаласында Абай мүсіні ашылды. Мүсін Ұлттық кітапханаға кіреберіс аллея алдында. Иран ұлттық кітапханасында да Абайдың мүсіні бар. Ал, 2011 жылы желтоқсан айында Әзірбайжан астанасы Бакуде Абай Құнанбаевтың атымен аталған көшенің салтанатты ашылу рәсімі өтті. 2014 жылы наурызда Қытай астанасы Бейжіңнің орталығындағы «Чоаян» саябағында Абайға арналған ескерткіш ашылды. Мүсіннің авторы – Юань Сикунь.

Бұдан бөлек 2014 жылы Венгрия астанасы Будапешттегі Астана көшесіне Абайдың ескерткіші орнатылды. Мүсін қоладан құйылған. Оның биіктігі – 1070 мм, ені – 900 мм.

Сонымен қатар, Каирдегі Ұлы Абай бюсті 2016 жылы қаланың орталық саябақтарының бірінде орнатылды. Ескерткіш Қазақстанның Каирдегі Елшілігінің қолдауымен мысырлық меценат, Қазақстан мен Мысыр достығы ассоциациясының мүшесі доктор Хусейн Әл-Шафиидің қаражатына қойылған.

### Дала данышпаны

Дала жатыр – өн бойы тұнған өлең,  
Абай, міне, жапанда тұрған емен.  
Ата сөзі тербеткен бесігімді,  
Ата сөзін өмірде тындап өлем.  
...Ұлы емес Абай жалғыз сахараның,  
(Мен емес, солай деген Аталарым).  
Сол ұранды ұрпаққа апарамын,  
Мен қазақ – Абай болып атанамын.  
Уһ, дала!  
Дала толған көлкөсір жыр,  
Дала – қобыз тұтпайды пернесін кір.  
Тірі Абайды әлдиле, дархан далам,  
Өлең селі өңірді тербесін бір.  
Дала, дала...  
Сал – дала селеулеген,  
Жырмен ұйықтап, ояңған өлеңменен.  
Дала деген – күйсандық бұл қазаққа,  
Абай десе құлағы елендеген.  
Жылдар, жылдар...  
Қаншама алыстадық,  
Қаншама өзен өзгертті ағыстарын.  
Уақыт озды, сен бірақ қалыспадың,  
Уа, армысың, арысым, данышпаным!

Мұқағали МАҚАТАЕВ.

(Материалдар галамтордан алынды).

## Ел игілігі – ер мұраты

Былыр Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзінде: «Бүгінде Қазақстан халқының 40 пайызға жуығы ауылда тұрады. «Ауыл – Ел бесігі» деп халқымыз бекер айтқан жоқ. Сондықтан, ауылдағы жағдайды жақсартса алмасак, бәрімізге сын», – деп ауылдың ахуалына үлкен жауапкершілікпен қарады.

ауылында үр жаңа балалар ойын алаңы бой көтеріп, бөбектер игілігіне берілді. Қазір ауыл мен қаланың арасындағы алшақтықты жою жұмыстары жүргізіліп жатыр. Соның бір парасы ретінде осы балалар алаңын айтуға әбден болады. Себебі, 400 шақырым квадратты құрайтын ойын алаңқайына қаладағы секілді өткеншек, сырғанак,



Жүгі нарда, қазаны теңде болып, көшпелі ғұмыр кешкен қазақ халқының ертеден-ақ ежелгі мекені – ауыл болғаны анық. Яғни, ауыл – ұлтымыздың ұйытқысы. Ауыл – адамзаттың кен дүниенің есігін ашып, өмірге келген жері. Бізге дейін сан толқын ұрпақтың кіндік қаны мен мандай



тері тамған киелі мекені. Дүниедегі ең күдіретті ана болса, ауыл да барлық халықтың анасы, тіршілік нәрі.

Ел ішіндегі «Ауыл түбі – бірлік, қауым түбі – тірлік» деген мақал ауылдың этникалық, экономикалық және рухани маңыздылығын білдіреді. Төрт түлігін түлетіп, егістігін жайқалтып, шаруасын өрге сүйреп отырған ауыл – бүтін бір елдің ұстыны, қайнаған еңбектің және ұлт руханиятының бұлағы. Ауыл идеологиясы ұлт пен мемлекет идеологиясының мәйегі, күретамыры және өркендеу түбірі болып келеді.

Осыны ұғынған ел азаматтары ауылдың өркендеуі мен қанат жаюына үлкен күш салып, шама-шарқынша көмек қолын созып келеді. Олай болуы тиіс те. Себебі, ауылдық жерде өскен әрбір перзент сол кішкентай Отанның алдында борышкер болмақ. Осынау сөзімізге дәлел болсын, тақауда ауданымызға қарасты Қошқар

кішкентайларға арналған күм салынған қоршау секілді 6 дана әртүрлі жабдық пен жарық шамдары, ата-аналарға арналған орындықтар мен коқыс салғыштар орналастырылған. Жоба құны 6 млн. 395 мың теңгені құрайды.

Аталмыш нысанның ашылу салтанаты өтіп, ауыл тұрғындары тегіс қатысты. Шара барысында ауыл ақсақалы Ж.Омаров сөз сөйлеп, ауылдастарын кішкентай да болса қуанышымен құттықтап, ақ батасын берді. Ақжаулықты әжелер қауымы шашу шашып, тұрғындар ырзашылықтарының белгісі ретінде мердігер М.Бейсембаевтың иығына шапан жапты. Сондай-ақ, сөз кезегін алған ауылдық округ әкімі Д.Мұқатай жерлестерін құттықтап, ауыл іргесі аман болып, осындай игі шаралар жалғасын таба берсін дей келе, сапалы жұмыс атқарған азаматтарға алғысын білдірді.

Е.АЙТЖАН.

### Сенім телефоны

«Ақтоғай ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексіні, мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдылықтардың талаптарын бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 8 (71037) 2-10-44 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

## Дін – бірліктің діңгегі

Осы уақытқа дейін руханиятқа адал қызмет етіп, жалпыадамзаттық құндылықтарды санаға сіңірген діннің адам өмірінен алатын орнын терең түсіндіру өте маңызды. Діннің атын жамылып, әлемдік қауымдастықты алаңдатып отырған экстремизм қаупі Қазақстанды да айналып өтпейтіні белгілі. Оның үстіне

қамтамасыз ету.

2. Дін саласын бақылау жөніндегі заңнаманы жетілдіру.

3. Ел азаматтарының діни көзқарастарының заңмен қорғалуын қамтамасыз ету.

4. Діни деструктивті ағымдардың ұлттық қауіпсіздікті, зайырлы мемлекеттің конституциялық негіздерін бұзуына жол бермеу.

## Қазақстан Республикасының дін саласындағы қауіпсіздігінің өзекті мәселелері

қоғамда діншілдік деңгейі күн санап артуда. Дін саласында оңтайлы мемлекеттік саясат қалыптастыру – күн тәртібіндегі аса маңызды мәселелердің бірі.

Қазіргі таңда дін саласында тиімді мемлекеттік саясатты қалыптастыру өте маңызды болғандықтан, Тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі тарапынан Қазақстанның дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасының жобасы әзірленіп, ҚР Үкіметінің қаулысы қабылданды. Тек ҚР Президенті қол қойғаннан кейін жүзеге асыру қажеттілігі туындайды. Тұжырымдамада қамтылған дін саласындағы ауқымды ойлар жүзеге асса, қоғамда тұрақтылық орнап, рухани жаңғыру үрдісі жеделдейтіні мәлім.

Дін саласындағы мемлекеттік саясат тұжырымдамасы – Елбасының «Қазақстанның үшінші жаңғыру: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты халыққа Жолдауымен үндескен маңызды құжат. Тұжырымдама ішкі және сыртқы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталып, экстремистік сипаттағы діни ағымдардың бүлікшіл әрекеттеріне тосқауыл қоюды мақсат етеді. Өйткені, діни алауыздық – мемлекеттің зайырлы қағидаттарын мансұқтап, дәстүрлі құндылықтарға қауіп төндіреді. Қоғам әлемдік жаһандандудың сын-тегеуріндеріне жауап бере алатын өлеуметтік даму мен рухани жаңғыруға мұқтаж.

Тұжырымдамада мемлекет пен дін арасындағы қарым-қатынас, мемлекеттің зайырлылығы жөнінде туындап жатқан толассыз мәселелер, қоғамда діни қағидаттарды, құлшылықты зайырлы мемлекет төңірегіндегі мекемелерде орындау немесе орындамау, сыртқы келбетке байланысты талаптар, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шаралары сияқты т.б. өзекті мәселелер қарастырылған.

Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі ұсынған тұжырымдамада қамтылған негізгі мәселелер:

1. Мемлекеттің зайырлылық қағидаттарын нығайтып, азаматтардың ар-ождан бостандығын

5. Халық арасында ақпараттық түсіндіру жұмыстарын күшейту арқылы деструктивті діни идеологияға қарсы иммунитет қалыптастырып, этносаралық және конфессияаралық бірлікті одан өрі нығайту.

Тұжырымдамада қоғамда дәстүрлі рухани құндылықтарға, эволюциялық дамуға, зайырлы мемлекет қағидаларына негізделген ұлттық бірегейлікті нығайтуды көздеп, діни экстремизмге қарсы қоғамның иммунитетін қалыптастыратын нақты шаралар ұсынылған.

Өз бетімен діни білім алуға аттанып, ол жақта экстремистер мен радикалдардың арбауына түсіп, террористік ұйымдардың қатарын толтырып жүрген жастарымыздың бар екенін жасыруға болмайды. Білім алу тәртібін реттеу, жасөспірімдерді діни қызметке заңсыз тартуға жол бермеу, діни әдебиеттерді тарату тәртібін жетілдіру және т.б. мәселелерімен бетпе-бет келген ата-аналар арнайы хат жазып, осы мәселені заңмен реттеуді ұсынуда.

Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі ҚР Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп, діни білім алу үшін ұсынылатын шетелдік теологиялық жоғары оқу орындарының тізімін жасақтады. Яғни, шетелдерде діни білім алғысы келетін азаматтар ҚМДБ белгілеген оқу орындарында ғана білім ала алады.

Тұжырымдама жаңа геосаяси, ішкі және сыртқы қатерлер аясында Қазақстанда тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтуды қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл жұмыстар ресми түрде тіркелген діни бірлестіктер мен азаматтық қауымдастықты тартумен барлық мүдделі мемлекеттік органдардың тығыз әрекеттестігі арқылы жүзеге асырылады. Тұжырымдамада еліміздің дамуының зайырлы қағидаты тұрғысынан дін саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттары дұрыс айқындалған. Сондықтан, Тұжырымдаманы тәжірибелік іске асыру мемлекеттің діни бірлестіктермен өзара әрекеттесуінің қазақстандық үлгісін дамытудың алғышартын қалыптастырады.

Е.Қапас,

Ақтоғай аудандық орталық мешіттің бас имамы.

## Құттықтаймыз!



Құрметті **Қуанышбек Біләлұлы!**

Сізді бүгінгі қуанышты сәтіңіз 63 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Еңбегіңіз еленіп, құрметті демалысқа шыққан қуанышты күніңіз құтты болсын! Сіз талантты, өз мамандығын жетік меңгерген, өнегелі еңбегіңізбен, қарапайым да парасатты мінезіңізбен абырой-беделге ие болған ұжымымыздың тәжірибелі, үздік маманысыз.

Қызмет деген бір белестен өтіп, құрметті демалыс деген кезеңге жеттіңіз! Қуанышыңыз ұзағынан болсын! Көңіліңіз қартаймасын, құт-берекеңіз ешқашан ортаймасын! Ағайын-туыстың құрметіне, қосағыңыздың үлдесі мен бүлдесіне, немере-шөберелердің шу-күлкісіне, ұл-қыздарыңыздың жеңісті шақтарын көрген шаттықтың бақытты сәттеріне бөленген ғұмыр кешіңіз!

Өміріңіз қашан да көктемдей жарқын, жаздай жылы әрі жаймашуақ болсын! Сізге ақ ниетпен қартаймас жайдары көңіл, мәнді де мағыналы өмір, сарқылмас қуат тілейміз. Көңіліңіз шаттықпен қуанышқа, жанұяңыз бақпен берекеге толсын!

Күміс күлкі жүзіңнен арылмасын,  
Болсын дейміз әрдайым бағың басым.  
Отбасыңа тілейміз біз амандық,  
Жаратқан дәйім сізді жарылқасын.

**Игі тілекпен: «Ақтоғай аудандық ветеринариялық станциясы» ШЖҚ КМК ұжымы.**

## Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауылының тұрғыны, құрметті бауырымыз

**Бимурзин Рүстембек Максұтбекұлы!**

Сізді адам өмірінің айтулы белесі – 60 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сізге мол қажыр-қайрат, зор денсаулық бақ-береке тілейміз. Бақытты ғұмыр кешіп, әрдайым балаларыңыздың, немерелеріңіздің қызығын Биби екеуіңіз бірге көріп, ортамызда ойнап-күліп, қартаймай жүре беріңіз. Дос-жаран мен туған-туыс арасында абыройыңыз артып, жүзіңізден күлкі кетпесін.

Құтты болсын қуанышты күніңіз,  
Бақытты болып шаттық өмір сүріңіз.  
Алпыстың да асқарына жеттіңіз,  
Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз!

**Игі ниетпен: апа-жездесі – Қайдар-Сәулеш, жиендері – Жанар, Жанайдар-Мәншүк, Мейрам-Анар, Бекайдар-Әсел, Айнұр, Дәулет-Әлия, Мирас-Аида.**

## Құттықтаймыз!



Құрметті бауырымыз **Бимурзин Рүстембек Максұтбекұлы!**

Сізді 60 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтаймыз! Денсаулығыңыз мықты болып, сол денсаулықтың арқасында балашаға, отбасыңыздың қуаныш-қызығын көре беріңіз. Жан-жарыңыз, балаларыңыздың анасы Бибимен бірге қартайып, қосағыңызбен қоса ағарып, ақсақалды ата болыңыз. Алланың берген жасын жасап, ел-жұртыңыз бен ағайын-туғанның ортасында бақытты ғұмыр кешіңіз.

Асқарлы 60 жасың құтты болсын,  
Қуаныш-қызық, тойға үйің толсын.  
Арманың ойда жүрген орындалып,  
Құдайым бере берсін бар тілекті.

**Ақ тілекпен: аға-жеңгесі – Сәбит-Света, күйеубала-қарындастары – Ақболат-Шынар, Жұлдыз, Жанболат, Ясмина.**

## Жарамсыз деп танылсын

Ортадересін ауылдық округінің тұрғыны, «Қайрат» шаруа қожалығының жетекшісі Толғубек Аманкельди ЖСН 590522300405 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Меркурий 118 ФКЗ» маркалы, заводтық нөмірі 000010167909, шыққан жылы 2014 ж. кассалық аппараты жарамсыз деп танылсын.

Нүркен ауылдық округінің тұрғыны, «Ата жолы» шаруа қожалығының жетекшісі Қуанышбаев Дархан ЖСН 760528300741 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Миника 1102 ФКЗ» (версия 02KZ) маркалы, заводтық нөмірі 0036596, шыққан жылы 2014 ж. кассалық аппараты жарамсыз деп танылсын.

Нүркен ауылдық округінің тұрғыны, «Айдын» шаруа қожалығының жетекшісі Аманбеков Манарбек ЖСН 490829350063 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Миника 1102 Ф» маркалы, заводтық нөмірі 1510977, шыққан жылы 2009 ж. кассалық аппараты жарамсыз деп танылсын.

## Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауылының тұрғыны, аяулы ана, асыл жар, немерелерінің сүйікті әжесі **Болбақова Бақытгүл Нәсірқызын** 60 жасқа толған мерейжасымен шын жүректен құттықтаймыз!

Кең пейілді, жаны жұпар, жанұямызға жылу болған осы бір жанға он сегіз мың ғаламның жақсылығын, дүниенің шуағын, өмірдің қызығын, жүрегіне Алланың нұрын тілейміз. Өмірдің көзге көркемдік сыйлайтын сәулеті, ал әулетіміздің дәулеті болғайсыз. Басыңыздан бақ таймасын, шаңырағыңыздан шаттық әні үзілмесін.

Денсаулығыңыз қуатты, ғұмырыңыз шуақты болсын. Немере-шөберелеріңіз көбейіп, ұрпақтарыңыздың қызығы мен қуанышын көруге жазсын.

Бар дүниенің байлығымен тең келмес,  
Ана – жүрек, ана – бақыт, бір белес.  
Алдымызда күліп-ойнап жүргенің,  
Бала үшін еш байлықпен теңелмес.

**Игі ниетпен: жолдасы – Қуандық, балалары – Жанаргүл, Нұржан-Әсел, Ерсін-Аида, Анель, Жүрсін, немерелері – Аяна, Әлихан, Ализа, Алишер, Заңғар, Айсұлтан, Шерхан, Ару, Али.**

## Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тұрғыны, қадірлі бауырымыз **Бимурзин Рүстембек Максұтбекұлы** 60-қа толған торқалы тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Өзіңізге және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілейміз. Шығар



шындырыңыз әрқашанда биік болғай. Адам баласының ұзақ өміріндегі бел-белестердің бәрі де елүлі саналса керек. Сөйтсе-дағы кемел жас 60-тың орны мүлде ерекше екені баршаға мәлім. Алпыстың асқарына жеттіңіз, енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз.

Жанұядан кетпесін асыл арай,  
Көгіңізден ойнасын шаттық шырай.  
Ұрпақтарың өсіп-өнсін, аман болып,  
Армандардан орнатсын алтын сарай.

**Ақ тілекпен: аға-жеңгелері – Серік-Роза, Рәшид-Құралай, апасы – Бота.**

## Құрметті оқырман!

«Ақтоғай ажары» газетін сайттан да оқыңыз!

<https://aqtogaiajary.kz/>

**Жаңалықтан құр қалмаңыз!**

## Құрметті аудан тұрғындары!

Аудандық «Ақтоғай ажары» газеті редакциясында 3\*4, 5\*6, 10\*15, А4, А3 форматтағы түрлі-түсті фотолар, отбасылық күнтізбелер, алғыс хаттар, мадақтамалар, буклеттер, тойларға шақырулар, т.б. тапсырыс бере аласыздар!

**Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА**

**Редактор: Г.Елеусизова**

**Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті редакциясы ЖШС**

**Тіркеу куәлігі: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)**

**Газет аптасына 1 рет шығады**

**Жауапты хатшы: Думан Қабыл**

**Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан**  
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

**Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 820 дана**

**Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай**

**ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.**

**Телефондар: редактор: 2-18-81,**

**тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39**



**Электрондық пошта [aktogai\\_red@mail.ru](mailto:aktogai_red@mail.ru)**

**Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.**

